ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994

Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:
Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Кырғызстан)
Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Казахстан)
Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусеитова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БжҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Казахстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Ісламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт- Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государстваКН МОН РК (Казахстан)
Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно- Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»
Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второймировой войны г. Гданьска (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет (Литва)
Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германскогоархеологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби(Казахстан)
Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийскогонационального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
Таймагамбетов Жакен Кожахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК,Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна
Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:
Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)
Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)
Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)
Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)
Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)
Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)
Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)
Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)
Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)
Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)
Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)
Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)
Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)
Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)
Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)
Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)
Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)
Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:
Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna
Scientific Editor:
Kozybayeva Makhabbat Malikovna
Editor:
Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich
Executive Secretary
Konkabayeva Arailym Nurbolatovna
Technical secretary:
Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін)

Шакенов С.Т.[1], Ерғабылов А.Е.[2]

[1]PhD докторант.
[2]Магистр, оқытушы. Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті.

Аңдатпа. *Kipicne.* Ғылыми жұмыста авторлар Шығыс Қазақстан облысы Қалба-Нарым өңірлерінде қола дәуірі кезеңінің зерттелу тарихы жайында мағлұмат берілген. Белгіленген аймақ қола дәуіріне тән көптеген ескерткіштердің шоғырланған жері деп айтуға болады, сондықтан ғылми жұмыста алғашқы зерттеу жұмыстары, археологиялық қазба жұмыстарымен айналысқан ғалымдар жайында сөз қозғалып отыр. Авторлар ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, алынған мәліметтер арқылы осы өлкедегі жүргізілген зерттеулерге қысқаша тоқталып кетеді. Ғылыми жұмыста XVIII ғасырдан бастап 1991 жыл Кеңес Үкіметі құлағанға дейін, аталған аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар жайында, сонымен қатар жеке коллекционерлердің аймақта алғашқы саяхаты негізінде, табылған заттар жайлы жазылған. С.С. Черниковтың Шығыс Қазақстан, соның ішінде Қалба-Нарым жоталарында, қола дәуіріне тән ескерткіштерге жүргізген, көптеген зерттеу жұмыстары ежелгі тайпалардың материалдық және рухани мәдениетін сипаттайды. Аймақта жасалған қазба жұмыстардың қорытындыларына авторлар салыстырмалы анализ арқылы тақырыптың мәнін, мағынасын ашып көрсетеді. Ғылыми жұмыста қола дәуірі тұрғындарының дүниетанымында, жерлеу орындарын зерттеу негізінде: от, жоса, астаяқтың маңыздылығы, өміріндегі алатын рөлдері жайлы мәліметтер келтірілген. Атап айтқанда, Талапты-II, Мыңшұңқыр-III, Құйған обалары, Зевакино селосы, Кіші қойтас, Нұрмамбет қорымдарындағы ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындылары орын алды.
Түйін сөздер: қорған., Қалба-Нарым, қола дәуірі, ескерткіш, жерлеу орындары

КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ

Шакенов С.Т.[1], ЕргабыловА.Е.[2]

[1]PhD докторант.
[2]Магистр, преподователь.Казахский Национальный университет имени аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. *Введение.* В научной работе авторы рассказывают об истории изучения эпохи бронзы в Калба-Нарымском регионе Восточно-Казахстанской области. Обозначенная зона является местом скопления многочисленных памятников эпохи бронзы, поэтому в научных работах речь идет о первых исследованиях, учены , занимавшихся археологическими раскопками. Авторы, опираясь на труды ученых, кратко рассказывают о проведенных исследованиях в этом регионе. В научной работе с XVIII века до момента падения Советского правительства в 1991 году было написано о ученых, проводивших исследования в данном регионе, а также о предметах, обнаруженных на основе первых путешествий частных коллекционеров в регионе. Многие

исследования, проведенные С. С. Черникова на хребтах Восточного Казахстана, в том числе Калба-Нарым, на памятниках эпохи бронзы, характеризуют материальную и духовную культуру древних племен. По итогам раскопок в регионе авторы с помощью сравнительного анализа раскрывают сущность и значение темы. В научной работе представлены сведения о значении, роли в жизни жителей эпохи бронзы, на основе изучения мест захоронений: жоса, астаяка. В частности, были подведены итоги исследований памятников Талапты-II, Мыншункыр-III, Куйганских курганов, С. Зевакино, могильников Малая Койтас, Нурмамбет.
Ключевые слова: Калба-Нарым, эпоха бронзы, памятник, место захоронения, курган.

BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION

Shakenov S.T.[1], YergabylovA.E.[2]

[1]PhD student. Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty.
[2]Al-Farabi Kazakh National University, Lecturer. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. *Introduction.*In this article the authors tell about the history of studying the bronze age in the Kalba-Narym region of East Kazakhstan region. The designated area is a place of accumulation of numerous monuments of the bronze age, so in scientific works we are talking about the first research, scientists who were engaged in archaeological excavations. The authors, based on the works of scientists, briefly describe the research conducted in this region. Scientific work from the 18th century until the fall of the Soviet government in 1991 has written about scientists who conducted research in the region, as well as about items discovered on the basis of the first travels of private collectors in the region. Many studies conducted by S. S. Chernikov on the ridges of Eastern Kazakhstan, including Kalba-Narym, on the monuments of the bronze age, characterize the material and spiritual culture of ancient tribes. Based on the results of excavations in the region, the authors use a comparative analysis to reveal the essence and meaning of the topic. The scientific work presents information about the significance and role in the life of the inhabitants of the bronze age, based on the study of burial sites: zhos, astayak. In particular, the results of research on the monuments of Talapty-II, Mynshunkyr-III, Kuygansky mounds, Zevakino village, Small koytas and Nurmambet burial grounds were summed up.
Keywords: Kalba-Narym, bronze age, monument, burial place, mound.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі: Ерте қола дәуірі ескерткіштерінің мол шоғырланған өңірлерінің бірі болып саналатын Шығыс Қазақстан аймағы, Еуразия даласындағы, археологиялық зерттелу тарихы 200 жылды қамтитын, бірегей аудан ретінде белгілі. Шығыс Қазақстан жерінде ерте қола дәуірінің зерттелу тарихын 2 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең, XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап XX ғасырдың 80- жылдары арасындағы алғашқы материалдарды жинау, екінші кезең, мақсатылы зерттеулер 1980- жылдың соңынан қазіргі уақытқа дейінгі аралықты қамтиды. Сондықтан, әр кездегі жүргізілген зерттеулерді жүйелеп, олардың алдыңғы кезеңі – ерте қола дәуірі жайлы бұрыңғы ізденістердің мәнін, археологиялық зерттеулердің маңыздылығын көрсету, зерттелу тарихын баяндау қазіргі уақытта тарихнама ғылымындағы күрделі мәселе болып табылады. Жерімізде орналасқан қола дәуірі көптеген мәдени қатпарларды бойына қабылдаған мекен болып табылады. Қола дәуірі бойынша көптеген жерлеу орындары мен қорған-қорымдар ашылды. Осындай ескерткіштер арқылы ол халықтардың даму, өзгеру сатыларын анықтауға мүмкіндік береді. Шығыс Қазақстан жері, Қалба-Нарым өңіріндегі қола дәуіріне

жататын археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстары кезінде, жерлеу орындарында жүргізілген археологиялық қазба барысында табылған заттай деректер, сол дәуір адамдарының өмірге деген көзқарасы, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен тұрмысының қалыптасуы және дамуын көрсету қазіргі таңда археология ғылымында өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Аталған аймақты зерттеумен айналысқан ғалымдар: А.Г. Максимова, Г.Б. Зданович, О.А. Кривцова-Гракова, М.П. Грязнов, С.С. Черников, М.К. Кадырбаев, А.М. Оразбаев, Ж. Курманкулов, С. Марьяшев, А.З., Самашев З., Төлеубаев Ә.Т., Омаров Ғ.Қ., және т.б.

Материалдар мен әдістер

Шығыс Қазақстан, оның ішінде зерттелуіне 250 жылдан астам уақыт болған Қалба-Нарым жоталары. Бұл жердегі қорғандар, ежелгі заттар, жерлеу орындары, ежелгі рудалар, тағы басқа археологиялық ескерткіштер жайлы XIX ғасырда П. Паллас, Г.Ф. Миллер, И. Г. Гмелин, М. П. Фальк сияқты ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде жазып кеткен(Паллас П, 1780: 315). Қазіргі таңда Қалба-Нарым жерлерінде қола дәуіріне тән көптеген қорымдар зерттелді. Мысалы: Беткудук, Кіші Қойтас, Жартас, Белокаменка, Қанай, Усть Буконь, Сарыкөл көлі бойындағы қорымдар, Жаңажұрт ауылы маңындағы ескерткіштерді жатқызамыз. (Максимова А.Г., Ермолаева А.С., 1987: 24-63).

Талқылау

Шығыс Қазақстан жерінде алғашқы қазба жұмыстарын 1734 жылы Г.Ф. Миллер және 1793 жылы ботаник Сиверс жүргізген. Г.Ф. Миллер Өскемен бекінісінің маңында тоналған қорғандарға зерттеу жұмыстарын жүргізіп темір заттар тапқан(Г.Ф. Миллер, 1890: 67). Сиверс Кара Ертіс аймағы және Нарым жотасының етегінде орналасқан кейінгі көшпелілердің жылқы жерленген бай қорғандарына зерттеу жұмыстарын жүргізді (Sievers J, 1796: 100). XIX ғасырдың басында жоғарыда аталған жерлер жайлы Спасский , Левшин сияқты саяхатшылар өз еңбектерінде жазып кеткен.

1862 жылы В.В. Радлов Семей қаласының маңында қола дәуіріне тиесілі қорғанға қазба жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар Бұқтырма жері, жоғарғы Ертіс өңірі, Тарбағатай өңірлері зерттелді. (Максимова А.Г., 1959: 86-150).

1910 жылы Ғылым академиясы жаңа археологиялық материал жинау мақсатында, Семей облысына В.И. Каменский жіберіледі. Мешіт ауылының айналасындағы жерлерде, әр уақытқа жататын тұрақтарды ашып, ерте қола дәуіріне жататын ккерамика қалдықтарын жинап алады. (Сол жылы, Марқакөл көлі және Күршім өзеніне саяхат кезінде тау-кен университетінің студенті В.И.Пилетич тастан, қоладан жасалған қару-жарақтар жинап алды. Азамат соғысы және революция кезінде Ертіс өңірінде археологиялық жұмыстар жүргізілген жоқ. Алайда, Мясникова және ағайынды Белослюдовтар өздерінің жеке коллекцияларын толықтыру жұмыстарын жалғастырды, әр түрлі артефактілердің арасында сеймин-турбиндық кельт көзге түсті Иілген пышақтардың сынықтары және бірқатар жалпақ металл құралдар табылды. (Черников С., 1960: 123).

1928 жылы А.А. Адрианов Қалба жоталарына сапарда болып, бірнеше қорғандарды зерттеген болатын(Черников С., 1960: 140).

1930 жылдары жоғарғы Ертіс жерінде А. А. Иессен, С.С. Черниковтың бастауларымен 1935-1937 жылдары жургізілген зерттеулер нәтижесінде ежелгі мыс, алтын, қалайы ошақтары анықталды. Осы бір 14 экспедициялық зерттеулерден кейін, нақты бір материалдар болмаса да, И. Мерц осы зерттеулерге арқау болып, аталған аумақта қола дәуірі мен темір дәуірі арасындағы байланыстары, әр түрлі ескерткіштер жайында жоспарланған, мақсатталған зерттеулер жүргізіп , көптеген еңбектерді жарыққа шығарған (Мерц И, 2017: 13).

1940 жылдардың екінші жартысында Бұқтырма ГЭС құрылысының басталуы мен Шүлбі ГЭС жобалануына байланысты Ертіс өңірінің жоғарғы бөлігінде археологиялық зерттеулер қайта жанданды(Длужневская, 2011: 139). Ленгидэп, Қазгидроэнергострой және ГЭС Бұқтырмасының тапсырысы бойынша КСРО ЛОЙИМК су қоймаларының, су басу аймағында күзет жұмыстарын жүргізу үшін С. С. Черниковтың басшылығымен ШҚАЭ (Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы) ұйымдастырылады (Длужневская, 2011: 289). С.С Черников 1947 жылы Ертіс аңғарына жүргізілген экспедициясында, Семей қаласынан Зайсан көліне дейінгі учаскедегі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде Семей қаласы мен Мешіт аулының жанындағы әр түрлі жоталарда ерте қола дәуіріне жататын керамика қалдықтарын жинауға мүмкіндік болды (Черников, 1950: 44). Осыған ұқсас материалдарды 1930-40 жылдары аталған аймақта, Ауыл курорты маңайларында өлкетанушы Б. А. Белослюдов зерттеу жұмыстары кезінде тауып, археологиялық материалдар жинағына енгізген. (Белослюдов, Максимова, 1951: 126).

XX ғ. 40 ж. П. Хоршихтің жазбаларында Өскемен өңіріндегі петроглифтердің айтарлықтай бөлігі шоғырланғандығы айтылады. Ескерткіштердің негізгілері төмендегідей:

1. Солдатова ауылынан 8 км жерден табылған петроглифте суретте адамдар мен жануарлар бейнеленген. Бір кескінде шаңғымен тұрған адам бейнеленсе, екіншісінде белгісіз жануар бедерленген. Жануарлардың ішінде марал мен тау ешкілердің саны басым келеді. Бір суреттегі кескінді түйенің бейнесі деп қорытынды жасауға болады. Көбінің мүйіздерінің салынуы табиғи емес.

2. Жақсы Қаражан алқабына жақын, Назар Башталовтың бұрынғы қыстауы.

3. Жалыбұлақ алқабындағы таңбалы тас, қырғыз Тойболды Күменовтың қыстауына жақын жерде.

4.Сарыбұлақ алқабына жақын, Бердібайқы өзенінің жанындағы жартас жазбалары.

Зайсан уезінің территориясында қызықты образдар бейнеленген таңбалы тастар сақталған:

1. Жолтау тауындағы таңбалы таста марал, арқар, қасқыр және сал атты аңшы кескінделген.

2. Қызыл тас, Долан тауларындағы, Өкпекті алқабындағы таңбалы тастар (Хороших,1947: 30).

Қалба-Нарым аудандарында көптеген жылдар зерттеу нәтижесінде С. С. Черниковтың 2 монографиялық жұмысы жарыққа шықты. Ғылым осы еңбектерінде Қалба- Нарым жерлеріндегі қалайы өндірісінің ошақтары жайлы нақты зерттеулерін жазып кеткен. С.С. Черниковтың зерттеп кеткен тау- кен өндіріс ошақтарынан көптеген жекелей артефактілер кездескен болатын. Мысалы: тастан, мал сүйектерінен жасалған әр түрлі қару- жарақтар, және де кейінгі қола дәуіріне жататын бұйымдар(Манчункур ауданы, Қарагойын, Чердояка). Қалба-Нарым өңіріндегі қалайы өндіріс ошақтарының ішіндегі ең үлкендері- Белогорское және Маймурзинское деп аталады. Черниковтың зерттеулері бойынша аталған аймақта 37 тау кен өндіріс орындары бар. (Черников С., 1948: 98).

1947 жылы Орталық Музейдің қызметкері Л.К. Нифонтова Семей облысы Абай ауданында, біздің зерттеу кезеңіне жататын бірнеше қорғанға зерттеу жұмыстарын жүргізген(Нифонтова Л., 1949: 145).

1950 және 1952 жылдары ШҚАЭ, Қанай ауылының жанындағы Андронов уақытына тән қорымды зерттеу кезінде, дөңгелек және шаршы қоршаулардағы жерлеу орындарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Осы уақытта Ертістің оң жағалауын зерттеу кезінде экспедиция қызметкері Э. Р. Рыгдылон Д. Черемшанка ауылының маңынан тарақ оюларымен безендірілген ыдыс сынықтарын тауып алды (Черников С., 1960: 21).

1956 ж. ШҚАЭ, Усть-Буконь уезіндегі ерте кезеңге жататын қорғандарды зерттеу кезінде, ерте андронов уақытына жататын құмыралардың фрагменттері анықталды. (Черников, 1960, с. 17, 95).Сол кезде Павлодар облысы Григорьевка ауылының маңында, Ертістің оң жағалауының

үзілісінде жергілікті тұрғындар сеймин-турбин типине тән дартс ұшын тапты. (Грушин , 2006: 8).

С.С. Черников бастаған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмыстары аяқталғаннан кейін, бөлек хронологиялық уақытқа жататын ескерткіштерді зерттеумен басқа ғалымдар жалғастырды. Мысалы, 1980-1983 жылдары ШҚО Ұлан ауданында А.С. Ермолаеваның басшылығымен Темір-Канка және Измайловка қорымдары зерттеліп, көптеген тың материалдар анықталды (Максимова, Ермолаева, 1987: 55). 1990 ж. Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы Күршім ауданының аумағында әртүрлі дәуірлерге жататын қорымдарды анықтады(Мерц, 2017: 25).

Нәтижелер

Ерте қола дәуірі ескерткіштерінің мол шоғырланған өңірлерінің бірі болып саналатын Шығыс Қазақстан аймағы – Еуразия даласындағы археологиялық зерттелу тарихы 250 жылды қамтитын бірегей аудан ретінде белгілі. Сондықтан, әр дәуірде жүргізілген зерттеулерді жүйелеп, олардың алдыңғы кезеңі – ерте қола кезеңі жайлы бұрыңғы археологиялық ізденістердің мәні мен маңыздылығын көрсету, зерттелу тарихын баяндау қазіргі уақытта тарихнама ғылымындағы күрделі мәселе болып табылады.

Шығыс Қазақстан жеріндегі белгілі қоныстардың көпшілігі негізінен тікелей суға және шабындықтар мен жайылымдықтарға жақын өзен аңғарларында орналасқан. Мұндай жерлердің шөбі шүйгін, топырағы құнарлы еді. Алайда, Шығыс Қазақстан жеріндегі өзен аңғарларындағы қоныстар біршама зерттелген де, тау арасындағы қоныстар әзірше ашылмаған. Қоныстар 6-10-ға дейін, кейде үлкендері 20 үйден құралды. Мүйістегі үйлер ортада ашық алаң қалдырып айнала салынды, бұл алаң қоғамдық жиындар орны ретінде немесе мал қамау үшін пайдаланылды (Ткачева, Ткачев 2008: 196). Тұрғын үйлер жартылай жертөлелер мен жер бетіндегі үйлер болып бөлінеді. Шығыс Қазақстан өңірінде жартылай жертөлелердің негізгі үш түрін бөліп қарауға болады. Олар: тік бұрышты, сопақ және сегіздік тәрізді жертөлелер, бәрінің де дәліз сияқты шығар аузы бар. Қабырғаларына тік бағаналар орнатылып арасына шарбақ ұстатылған. Шығыс Қазақстандағы тіреме бағамдық құрылымдар тұрғын үйлер мен қора - қопсылардың негізі болды.Олардың төбесі жайпақ немесе екі сайлы етіп жабылды. Құрылыста ағаш кеңінен қолданылды. Көбінесе қоныстар үштен беске дейінгі топқа бөлініп орналасқан. Әдетте олардың ішінде біреуі ерекше үлкендеу болып келеді. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей бұны негізгі орталық деп санауға болады. Онда мәдени қабаттардың белгілері жақсы сақталған және ұзақ уақыт пайдаланылған тұрақ орны болып келеді. (Захариха I, Волчовка, Барашки I, Усть-Нарым) (Черников, 1947: 38-40). Осындай ірі қоныстар маңынан 1,5 км шамасында төмен не жоғары жақтарынан мәдени қабаты белгісіз және заттар аз табылатын қоныстар ұшырасады. Мысалы: Захариха 1-ден 2 қоныс, Волчовкаға жақын жерден кішірек төрт ескерткіш, Барашки қонысы айналасынан үш қоныс-жұрты табылды. С.С.Черников осындай жағдайлар таулы ауданда да байқалатынын айтады. 1 және үлкен қоныстардың маңынан бірнеше ұсақ тұрғылықты жайлардың байланысып орналасуындағы жайдың ұқсастығын орта қола дәуірінен кейінгі қола дәуіріне өтпелі кезеңге тән екендігін көрсетеді.

Ертістің оң жағалауына орналасқан Қанай ауылы іргесіндегі қоныста жапсарластыра салынған шаруашылық құрылыстары бар тік бұрыш түріндегі (аумағы 50 шаршы м-ге жуық) тұрғын-жай ашылды. Жай жертөле сияқты. Құрылыс қабырғаларының негізі - тіреулер, олардың арасына қамыс салынып, балшықпен сыланған. Едені жер, онда тастан қаланған 3 ошақ бар. Оның екеуі тамақ дайындауға, біреуі үйді жылытуға арналған. Шаруашылық қора-қопсы негізгі тұрғынжаймен бірге тұтас жайдақ төбемен жабылған. Тұрғын жайға өзенге қараған тар дәлізден кіреді. Жайдың орталық бөлігі кіретін дәлізден аласа қабырғамен бөлінген, осының бәрі континеттік климаттың қатаң жағдайларында үйлерді жылыту үшін істелді. Бөлінген жағы шаруашылыққа арналған болуы керек, онда төлдер ұсталған.

Трушниково мен Мало-Красноярка қоныстарында қой, ешкі сүйегінің басым болуы, жылқы сүйектерінің көбеюі, сондай-ақ бүйірі шығыңқы ернеуі аздап сыртқа қайырылған, жапсырып соғылған белдіктер мен өрнектелген немесе өрнексіз ыдыстардың жаңа түрлерінің, сондай-ақ түбі дөңгелек келетін ыдыстардың шығуы соңғы қола дәуірі тайпаларының экономикасында өзгерістар болды деуге мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Оңтүстік Сібірдің шектес аймақтарындағы сияқты, мұндада шаруашылық нысандарының өзгеру үрдісі жүріп жатты. Тұрғын жайлардың көлемінің көрсеткіші қола дәуірі туралы мәлімет беретін негізгі дерек көзі болып табылмайды. Үлкенжәне кіші қоныстардан да қола дәуірінің ерте және кейінгі кезеңдерінің материалдық мәдениеттері кездеседі. Қоныс көлемі негізінен жергілікті ортаның табиғи жағдайы, шаруашылық қызметі, тұрғындардың бір ұжымға бірігуімен байланысты.

Қола дәуірінің материалдық мәдениетінің ерекшелігі жер бетіндегі құрылыс құрылымы Меновное және Побоко қоныстары олардың көлемі үлкен емес 17-ден 30 ш.м.-ге дейін ірі жертөлелермен жер үстіндегі құрылыстардың арасындағы айырмашылық: ірі жертөлелер ұзақ уақыттық қысқы қоныстар, ал жер бетіне салынғандары жеңіл ағаш үйлер малшы көшпелілердің жазғы жайылым кезінде пайдаланған (Ткачева, Ткачева с. 2008: 83-87). Мал санының көбейуіне байланысты шаруашылықта өзгерістер басталып көшпелі мал шаруашылығының қалыптаса бастауының өзіндік әсері үлкен болды және осындай жағдайлар Шығыс Қазақстан өңіріне өзіндік тән ерекшелік.

Шығыс Қазақстан жеріндегі жерлеу орындары: жалпы қола дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы қабірлердің үсті айнала жалпасынан салынған немесе қырынан қойылған және қазылып орнатылған тақта тастардан тік бұрышталып, шаршыланып, дөңгелектеніп қоршалды, кейде обалар да етегінен тақта тастармен айнала көмкерілді, осындай тақта тастар лақыт шығарғанда да қолданылды. Оның ең көп тараған түрі тақта тастардан тігінен қойып жасалған немесе жалпағынан салынып, ішке қарай ұмсындыра өріп жапқан тас жәшіктер болды. Дегенмен, әр өңірдің өзіне тән ерекшеліктері болды. Шығыс Қазақстан жерінде қола дәуірінің ерте кезеңіне жататын жерлеу орындары сондай көп емес, оған жататын Қанай, Сарыкөл, Жанажұрт, Қойтас (Черников, 1960: 34).

Мәйіттер сол жағына бүгіліп басы шығысқа әлде батысқа қаратылған. Мәйітті жатқызып қоюмен қатар мәйітті өртеген обалар да кезігеді. Соңғысына тән ерекшелік мүлкімен қою білінбейді. Ерте қола дәуіріне жататын жерлеу орынында мәйітті жатқызып қою тән. Дегенмен, өртеу сирек кездеседі.

Қола дәуірінің ортаңғы (дамыған) кезеңіндегі Шығыс Қазақстан жеріндегі қорымдардың үлкен тобымен сипатталады. Олар Қанай ауылы маңындағы қорымдар мен құрбан шалатын орыннан, Зевакино селосы, Кіші қойтас, Нұрмамбет қойнауларындағы және т.б. қорымдардан алынды (Черников, 1960: 86). Ертістің оң жағалауында орналасқан Зевакино қорымы әр кезеңдегі 500-ден астам, Қанай қорымы 15 бейіт құрылыстарынан тұрады. Бір қабірге бір ғана өлік жерленгенде оларды жерден қазылған қабірлерге, тас жәшіктерге, цисталарға және ағаш қималарға қоятын болған. Жерленгендер сол және оң қырынан, басы батысқа және солтүстік - батысқа қаратылып, бүктетіліп жатқызылған.

Сонымен қатар, жерлеу ескерткіштерін зерттеу барысында анықталған түрлі артефактілер, әсіресе ғұрыптық заттардың маңызы жоғары. Олардың қатарына, қарастырылып отырған кезеңде табылып, қазіргі күні Шығыс Қазақстан музейлерінде сақтауылы заттарды жатқыза аламыз. Нақтырақ айтар болсақ, олар асатаяқтар, келсаптар, ғибадат ету заттары және тағы басқалары. Бұл артефактілерді бір-бірінен бөліп қарастыру қиын, себебі бұл заттар утилитарлық және культтік мақсаттарда қолданылады. Бұндай заттар көп жағдайда көпшілік назарына ұсынылу үшін қойылғаны және заттың зоо-антропоморфизмі оған қосымша мағыналы мән беретінін ескеру керек.

Ресми көзқарас бойынша, Шығыс Қазақстандағы тас асатаяқтар категориясына Семей мен Бұқтырмадан табылған ат басты, сүйір төбелі заттарды жатқызуға болады. Ғұрыптық заттар ретінде Зайсан көлінен табылған антропоморфты сүйір төбелер мен Тюмень 3 қонысынан табылған мүсінді қарастыру керек. Қалған жұмыс бөлігі тегіс артефактілер утилитарлы заттар болып табылады.

Мүсіндік бейнесі бар күрделі келсаптардың да аналогиясы бар. Акшийлік бұйымдар Трушниково, Мало-Красноярка аймақтарындағы андрондық қоныстардан табылған фалоо тәрізді құралдармен, сондай-ақ Сібір мен Қазақстан аймағынан кездейсоқ табылған бұйымдарға ұқсас болып келеді. Қарасор мен Семей келсаптары чемурчектік мүсіндер мен Синьцзян және Батыс Монғолия асатаяқтарына ұқсайды.

Көріп отырғанымыздай ғұрыптық заттар мәдениетке тән наным-сенімдерді көрсетеді. Бұны әртүрлі асатаяқтар, келсаптар мен мүсіндерді жануарлардың бейнеленуінен, адамдар мүсінінің әртүрлі қалыпта бейнеленуінен көруге болады. Жоғары да аталғандай ерте қола дәуірінде таралған мәдениеттер секілді, бұл мәдениетте де жануар культі қалыптасқанына көз жеткізе аламыз. Бұған дәлел әртүрлі бұйымдарда жануарлардың бейнеленуі. Әсіресе, жылқы культінің көп таралғанын байқаймыз. Орта Азияға жылқының келуі б.з.д. II мыңжылдықтағы андрондықтармен байланысты болды. Содан бері жылқы культі дами бастаған.

